

Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 2 шілде N 713

Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдер жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары Бағдарламада белгіленген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (келісім бойынша) тоқсан сайын, есеп берілетін айдан кейінгі айдың 5-інен кешіктірмей Бағдарлама іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын, есеп берілетін айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей Бағдарлама іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 913 қаулысымен .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 2 шілдедегі

N 713 қаулысымен бекітілген

Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту Бағдарламасы

Астана қаласы, 2002 жыл

1. Паспорт

Атауы Қазақстан Республикасында микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама)

Қысқаша мазмұны Бағдарламада Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін құру және осы жүйені Қазақстан Республикасының барлық аумағында кезең-кезеңімен ендіру көзделген. Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін құрудың мақсаттары:

- халықтың қолындағы қолма-қол ақша массасын қолма-қол жасалмайтын ақша айналымына тарту;
- қандай банктің қызмет көрсететініне қарамастан, халыққа, сауда-сервис кәсіпорындарына қызмет көрсету бойынша бірыңғай "төлем" кеңістігін құру;
- мемлекеттік басқаруда болашағы бар ақпараттық технологияны жаппай пайдалануға негізделген жаңа технологиялық тәртіпті қалыптастыру;
- ақша айналымына мемлекеттік бақылауды күшейту;
- бөлшек төлем жүйелеріне жаңа озық ақпараттық технологияларды ендіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Іске асыру мерзімі 2002-2005 жылдар <*>
Ескерту. 1-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 817 қаулысымен .

2. Кіріспе

Төлем карточкаларының дүние жүзінде XX ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап кеңінен қолданыла бастағанына қарамастан, Қазақстандағы төлем карточкаларының рыногы 1994 жылдан бастап қана дами бастады. Төлем карточкаларын қарапайым жіктеу бойынша магнитті жолағы бар және микропроцессорлық карточкаларға бөлуге болады. Магнитті жолағы бар карточка - XX

жүз жылдықтың екінші жартысындағы негізгі төлем құралы, ол өз кемшіліктеріне қарамастан дамыған елдерде кеңінен қолданылуда. Микропроцессорлық карточкалардың өз кезегінде қорғалу деңгейі, жады көлемі мен атқаратын қызметі бойынша магнитті жолағы бар карточкаларға қарағанда елеулі артықшылықтары бар, бірақ олардың дамыған елдердегі төлем жүйелерінде жаппай пайдаланылуын жүйедегі магнитті жолағы бар карточкаларды пайдалануға негізделген ірі инвестициялар тоқтатып отыр. Төлем карточкаларын аз уақыттан бері қолданатын елдердің қатарына жататын Қазақстан Республикасының да осы саладағы жаңа ақпараттық технологияға көшу жолында серпіліс жасауына мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасында Ұлттық банкаралық төлем карточкалары жүйесін құруға дайындық 1993 жылы басталды, 1993 жылдан 1995 жылға дейінгі кезең ішінде Ұлттық Банктің тапсырысы бойынша IBM фирмасы (АҚШ) және банкаралық жұмыс тобы Электрондық қолма-қол ақшаның ұлттық жүйесінің техникалық-экономикалық негіздемесін және Пластикалық карточкалардың интеграцияланған жүйесінің дизайнын әзірледі, оларға сәйкес электрондық қолма-қол ақшаны және дебеттік/кредиттік карточкаларды дамытуға болжам жасалды. Сонымен қатар электрондық қолма-қол ақша жүйесі іс жүзінде кәдімгі банкноттар мен металл ақшаларға толық ұқсас болуға арналған еді. Осы жобаны іске асыру үшін - интегралды микросхемасы - электрондық әмияны (тауарларды және қызмет көрсетуді сатушылармен есеп айырысу үшін пайдаланылатын және баланстарда (әмияндарда) әлі пайдаланылмаған ақша сомасы туралы деректер және басқа қажетті деректемелер сақталатын микропроцессорлық карточка) бар төлем карточкаларын қолдану болуы керек еді.

Жобада қолма-қол электрондық ақшаны, сондай-ақ дебеттік және кредиттік карточкаларды пайдалана отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шағын бөлшек төлемдерді жүзеге асыру көзделді. Электрондық қолма-қол ақшаны инфляциядан қорғауға мүмкіндік туғызу үшін шетел валютасын электрондық әмиянда сақтауға қосымша ұсыныс берілді.

Ұлттық Банктің банкноттар мен металл ақшаларды сатқан жағдайдағы сияқты электрондық ақшаны екінші деңгейдегі банктерге сату арқылы оны айналымға шығару көзделді. Мұндай жағдайда айналыстағы ақша массасы екі бөлікке бөлінер еді: электрондық ақша және банкноттар, металл ақшалар.

Жоба негізінен сол кезеңдегі Қазақстан Республикасының банк жүйесінің даму деңгейіне сәйкес қажет болмады. Қазіргі кезде осы жобаны кезең-кезеңімен іске асыру үшін барлық алғышарттар бар. Біріншіден, екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық инфрақұрылымы осы кезең ішінде белгілі бір дамуға қол жеткізді. Екіншіден, Қазақстан Республикасында ТМД елдерінің арасында неғұрлым дамыған, банкаралық есеп айырысуларды қамтамасыз ететін төлем жүйесі қалыптасты.

Электрондық қолма-қол ақшаны енгізу жолындағы алғашқы қадам электрондық әмияндар тұжырымдамасы негізінде микропроцессорлық дебеттік және кредиттік

карточкаларды пайдалана отырып Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін құру болып табылады. Электрондық әмияндар тұжырымдамасын "таза" күйінде іске асыру көзделмейді, яғни есеп айырысу жүзеге асырылғанға дейін клиенттердің микропроцессорлық карточкаларына енгізілген ақша банк жүйесінде жинақталуға мүмкіндік бере отырып, іс жүзінде клиенттердің банктегі жеке есепшоттарында қалады. Халық тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін Қазақстан Республикасының кез келген жерінде және осы карточканы ұстаушыға қандай банктің қызмет көрсететініне қарамастан есеп айырысуға мүмкіндік алады. Электрондық қолма-қол ақша ендірудің жолында бүгінгі күн талабына жауап беретін осы қадамның өзін іске асыру осы Бағдарламада ұсынылады.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасындағы бөлшек сауда іс жүзінде қолма-қол ақша айналымының 100%-нен тұрады. Халықтың көпшілігіне банкерде қызмет көрсетілмейді және ақыны қолма-қол алады. Банктік есепшоттары бар клиенттер қолма-қол ақшаны алып, өзінің барлық шығыстарын қолма-қол ақшамен төлеуді қ а л а й д ы .

Салық органдарының іс жүзінде қолма-қол ақша айналымы басым рыноктарда салық төлеушілердің кірістерін тексеруге және бақылауға мүмкіндіктері жоқ. Қолма-қол ақшаның негізгі бөлігі ұсақ-түйек сатып алуға жұмсалады. Бөлшек сауда рыногындағы ұсақ төлемдер бойынша өндірістің әр түрлі салалары және импорттық өнім берушілер есепке алынбаған тауарлардың едәуір көлемін тарата алады және мемлекет бұл орайда салық жинау проблемаларына кезігеді. Халықтың көпшілігі қазіргі уақытта тиісті тіркеусіз жұмыс істейді және төлемді қолма-қол ақшамен жүргізетіндіктен қызметкерден және жұмыс берушіден салық жинау көп қиындық туғызады. Мемлекеттің қазіргі кезде халық қажеттілігінің нақты көлемін тіркеуге және жанама салық салу саласындағы істің жай-күйін бағалауға мүмкіндік беретін тетіктері ж о қ .

(қазақша мәтінде сөйлемнің аудармасы болмағандықтан орысша мәтіні беріліп отыр)

Владельцу денег нужна прозрачность и он постоянно нуждается в подсчете имеющейся у него суммы денег. Сол себепті ол ақшаны әмиянда сақтауды қолайлы санайды. Егер ол қалдық соманы көргісі келген кезде көре алатын болса және оның ақшасы қандай да бір жағдайда, инфляциядан ішінара қорғалатын болса, онда ол ақшаны банкте сақтаудан және төлем карточкаларын пайдалана отырып оларды алудан бас тартуына себеп жоқ. Алайда, мұндай карточканың иесі үшін ережелердің бір уақытта барлығы үшін өзгеруінің маңызы бар.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы магнитті жолағы бар төлем карточкалары негізіндегі

жергілікті және халықаралық төлем жүйелері барлық жағымды жақтарына қарамастан, күнделікті жасалынатын ұсақ төлемдер рыногын қанағаттандыра алмайды. Магнитті жолағы бар төлем карточкалары негізінде, "on-line" режимінде (тауарларға және қызмет көрсетуге ақы төлеу сәтінде сауда терминалының процессинг орталығымен тікелей байланысы кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдер бойынша ақпарат алмасу режимі) ғана жұмыс істейтін төлем жүйелерін пайдалану кезінде транзакциялар өңдеудің жоғары құнына байланысты ұсақ төлемдерге қызмет көрсету тиімсіз. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялық желінің даму дәрежесі авторизацияның қажетті деңгейін жаппай қамтамасыз ете алмайды.

Осы Бағдарламада ұсынылып отырған микропроцессорлық технология ұсақ төлемдерді жүзеге асыру үшін қаржы рыногының қажеттілігін қанағаттандыратын және нашар дамыған телекоммуникациялық желі жағдайларында жұмыс істей алатын төлем құралы болып табылады. Бұл технология карточка ұстаушыларының банктік есепшоттарындағы ақшаны жинақтауға және оларды "on-line" режимінде (тауарларға және қызмет көрсетуге ақы төлеу сәтінде процессинг орталығы мен сауда терминалының арасында байланыс орнатпай, төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдер бойынша ақпарат алмасу режимі), сол сияқты "on-line" режимінде қолданып, төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Микропроцессорлық "off-line" технологиясы "on-line" технологиясына қарағанда процессинг орталығымен төлем жасау сәтінде байланысу үшін телефон желісін пайдаланудың шұғыл қажеттілігі болмағандықтан төлемдерді қабылдаудың инфрақұрылымын құру кезінде коммуникациялардың дамыған желісін қажет етпейді.

Ағымдағы кезеңде бірқатар екінші деңгейдегі банктер өздерінің төлем жүйелеріне жергілікті және халықаралық төлем карточкалары бойынша едәуір қаражатты инвестициялауды жалғастыруда. Екінші деңгейдегі банктердің магнитті жолағы бар төлем карточкаларының жергілікті және халықаралық төлем жүйелеріне салған инвестициялар көлемі айтарлықтай сома болды. Бұл орайда банктердің жергілікті төлем жүйелері, әдетте, өзара сәйкес келмейді және оларды дамытуға жұмсалатын алдағы шығындар бірыңғай жүйені құру кезінде тиімсіз немесе құнсыз болуы мүмкін.

Ағымдағы кезеңде Қазақстан Республикасы төлем карточкаларының қазіргі ұлттық банкаралық жүйесін іске асыру үшін күштерді біріктіру қажет, оны іске асыру банктердің қаражатты үнемдеуді қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасында Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін ендіруді ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдануда. 2000 жылдың аяғында Ұлттық Банк "Процессинг орталығы" жабық акционерлік қоғамын құрды, оны құрудағы мақсат Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын пайдалануға арналған бірыңғай төлем кеңістігін қалыптастыру болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Осы Бағдарламаға қол жеткізуге бағытталған басты мақсаттар мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының банк жүйесінде қаржы құралдарының айтарлықтай көлемін ұсақ бөлшек тауар-ақша айналымындағы едәуір қолма-қол ақша массасын тарту есебінен жинақтау арқылы, оларды қолма-қол жасалмайтын айналымға аудару арқылы ішкі инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту;

2) бөлшек сауда саласында айналатын қаржы ағынының айқын болуына мүмкіндік беретін микропроцессорлық төлем карточкаларын қолдана отырып, ауқымды қолма-қол жасалмайтын бөлшек төлем жүйесін құру.

Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

1) ақша айналымын бақылауды күшейту, қолма-қол ақшаның қалтарысты айналымын азайту және салықтың толық алынуын қамтамасыз ету;

2) жалақы, зейнетақы, жәрдемақы төлеу тетіктерін жетілдіру;

3) коммуналдық төлемдер жинау, көлік, байланыс қызметіне ақы төлеу барысын оңтайландыру;

4) бюджеттік (салықтық, кедендік) және өзге де міндетті алымдарды қолма-қол жасалмайтын нысанда жүзеге асыру үшін мемлекеттік құрылымдарда микропроцессорлық карточкалар технологиясын қолдану арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасына жәрдемдесу;

5) бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануға жол бермеу және зейнетақы реформасы бойынша іс-шаралар мен арнайы әлеуметтік жеңілдіктер беру бағдарламалары шеңберінде жеңілдіктер мен жәрдемақылар беру процесін орталықтандырылған басқару есебінен әлеуметтік шиеленісті азайту;

6) қолма-қол ақшаның бірдей массасын эмиссиялауға шығыстарды қысқарту.

Бағдарлама микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін құруды көздейді, ол:

1) ұлттық валютамен жүргізілетін жұмысқа бағытталған;

2) көпшілік халықтың пайдалануына арналған;

3) ұсақ және орташа төлемдердің рыногына бағытталған;

4) халықаралық төлем жүйелері қатаң белгілейтін ережелерге тәуелсіз және сол арқылы ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне жауап береді;

5) карточканың жадында мынадай деректердің: жеке тұлғаның тіркеу нөмірі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, әлеуметтік жеке код, паспорттық, медициналық деректер және басқаларының болуына мүмкіндік береді.

Екінші деңгейдегі банктердің шығындарын оңтайландыру және Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін кейіннен халықаралық жүйелермен шоғырландыру мақсатында Бағдарлама екінші деңгейдегі банктер үшін халықаралық

жүйелердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын төлемдер клирингін бағыттау мен жүргізуді қамтамасыз ету қызметін іске асыруды көздейді.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

Төлем карточкаларын Қазақстан Республикасының барлық аумағында Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесі шеңберінде ендіруді және пайдалануды қамтамасыз ету үшін нақты микропроцессорлық төлем карточкасын қандай банк шығарғанына қарамастан, микропроцессорлық төлем карточкаларын жаппай пайдалану үшін тиісті жағдайлар жасау және инфрақұрылым құру қажет.

Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің негізгі қатысушылары банктер, сауда және қызмет көрсету кәсіпорындары және төлем карточкаларының ұстаушылары болып табылады.

Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін тиімді іске асырудағы үлкен роль Ұлттық Банкке, екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарына беріледі.

Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесі карточкалар арқылы әскери қызметкерлер үшін жалақы, үлес, зейнеткерлерге зейнетақы және басқа атаулы төлемдер төлеу, тауарлар мен қызмет көрсетудің кез келген түрлерін төлеу, кедендік алымдар мен төлемдер жасау жағдайларын жақсарту, салық органдарының салық алымдары мен төлемдерін оңтайландыру, медициналық қызмет көрсетуді есепке алу және т.б. міндеттерді шешуге мүмкіндік беруі тиіс.

Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесі мынадай функцияларды іске асыруды қамтамасыз етуі тиіс:

1) төлем карточкалары бойынша транзакциялар өңдеу, қажетті төлем қуаттарын дайындау;

2) осы төлем жүйесінің қатысушы банктері арасында өзара есеп айырысуларды жүргізу үшін ақпарат дайындау;

3) төлем карточкаларын, оның ішінде халықаралық төлем жүйелерінің төлем карталарын пайдалана отырып, жүзеге асырылған төлемдерді бағыттау және клирингі;

4) қатысушылардың таза позициясына сәйкес ақша аударымын жүзеге асыруға арналған қатысушы банктердің таза позицияларын белгілеу;

5) мемлекеттік органдармен және екінші деңгейдегі банктермен, бағдарламалық-техникалық құралдарды жеткізушілермен жүргізілетін жұмысты үйлестіру және өзара іс-әрекеттерді қамтамасыз ету, жүйенің технологиялық даму бағыттарын белгілеу, қатысушы банктер және сауда мен қызмет көрсету кәсіпорындары үшін құнды барынша төмендету мақсатында жүйеге арналған жабдықты жеткізу үшін көтерме тапсырыстарды орналастыруды ұйымдастыру;

б) қатысушы банктердің бірыңғай жүйеде өзара іс-әрекеттерін техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуін ұйымдастыру;

7) төлем карточкаларын қабылдау желісіне (сауда терминалдарына, банкоматтарға) қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

8) микропроцессорлық карточкалар негізінде электрондық коммерция жүйесін (E-Commerce) құруды және дамытуды, коммерциялық ұйымдарға, корпоративтік және жеке клиенттерге, мемлекеттік мекемелерге электрондық коммерция бойынша қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

9) мемлекеттік органдармен бірге Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің негізінде халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің, зейнетақы және бюджеттік басқа төлемдердің, салықтар мен баж салығын жинаудың автоматтандырылған жүйесін құру жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыруды ұйымдастыру.

Төлем карточкаларын пайдалануға байланысты операциялар бойынша ақша төлемдерін және аударымдарын жүзеге асыру кезінде кредит тәуекелін және өтімділік тәуекелін төмендету мақсатында Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің қатысушы банктері арасындағы ақша төлемдері және аударымдары жұмыс істеп тұрған банкаралық ақша аудару жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Төлем карточкаларын шығаруды және/немесе эквайрингті жүзеге асыратын кез келген банк Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің қатысушы банкі бола алады. Бұл ретте эквайринг қызметі ретінде банктердің сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарымен жасалған шарттың талаптарына және/немесе төлем карточкасын пайдалана отырып төлемді жүзеге асыру кезінде сауда және қызмет көрсету кәсіпорны жасаған төлем құжатының талаптарына сәйкес сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарының пайдасына келіп түскен ақшаны қабылдау жөніндегі операциялар кіретін қызметін, сондай-ақ осы банктің клиенттері болып табылмайтын төлем карточкаларын ұстаушыларға қолма-қол ақша беру жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қызметін түсінген жөн. Қатысушы банктің функциясына төлем карточкаларын шығару, оларды дербестендіру және менеджмент, карт-есепшоттарды жүргізу, банкаралық есеп айырысуларға және клирингке қатысу кіреді. Қатысушы банктің филиалдары төлем карточкаларын және эквайринг шығаруды дербес жүзеге асыра алады. Осындай мүмкіндік экономикалық және Ұйымдастырушылық жағынан алғанда қандай да болмасын банктің немесе оның филиалының осы төлем жүйесіне қатысу нысандары жөнінде оңтайлы шешімдер табуға мүмкіндік жасайды. Банктер пайданы жеке есепшоттардағы орташа айлық өтпелі қалдықтардағы ақшаны орналастырудан, сауда бизнесінен, төлем карточкаларын шығарудан және оларға қызмет көрсетуден алады.

Жұмыс берушілердің ұйымдары клиенттердің банктік есепшоттарына жалақы аударуға (пакеттік файлдарды пайдалана отырып) және түрлі зейнетақы және

сақтандыру қорларына басқа төлемдер жасауға жауапты. Егер компания өзінің қызметкерлеріне қосымша қызмет көрсету ұсынса, карточкадағы ақша туралы ақпаратты жаңарту және клиент туралы басқа ақпарат алу үшін ірі ұйымдарға on-line терминалын орнату мүмкіндігі берілуі тиіс. Жұмыс беруші өз қызметкерлерінің карточкалары құнының бір бөлігін төлей алады, сондай-ақ қызметкерлерді тіркеу үшін карточкаларды пайдалана алады.

Сақтандыру бизнесіне де микропроцессорлық төлем карточкаларын және төлем карточкаларын ұстаушы клиенттерге өзінің сақтандыру қызметін ұсыну үшін осы карточкаларды қабылдау желісін пайдалану мүмкіндігі ұсынылуы тиіс. Осындай инфрақұрылымды пайдалану және оны пайдалануға ғана ақы төлеу сақтандыру ұйымдарына транзакцияларды өңдеу жөніндегі операциялық шығыстарды қысқарту есебінен ең төменгі баға деңгейінде клиенттік қарым-қатынастардың түбегейлі жаңа жолын құруға мүмкіндік береді.

Тауарлар мен қызметтерді төлеу кезінде сауда және қызмет көрсету ұйымдарына Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің төлем карточкаларын қабылдау үшін карточкаларды қабылдау құрылғысы - POS терминалдар (төлем карточкаларын пайдалана отырып тауарлар және қызмет көрсету үшін ақы төленетін электронды-механикалық құрылғы) қажет.

Бизнесінің мөлшеріне қарай сауда және қызмет көрсету ұйымдары принтерімен бірге қызмет көрсететін on-line құрамасы бар әмбебап құрылғыны немесе одан арзандау on-line терминалын пайдаланады. Терминал жабдығын толық сатып алмай жалдау мүмкіндігі, сондай-ақ жалдау ақысын банктік эквайринг комиссиясының құрамына енгізе отырып алу мүмкіндігі көзделуі қажет.

Карточкаларды пайдаланудың тартымдылығын арттыру үшін бірінші кезеңде бірқатар ынталандыру шараларын қабылдаған дұрыс. Мұндай шаралар мыналарды қамтуы мүмкін:

(1) тармақшаның қазақша мәтінде аудармасы болмағандықтан орысша мәтіні беріліп отыр)

1) нормативные (предоставление льгот и скидок пенсионерам, предусмотренных законодательством Республики Казахстан)

2) коммерциялық (карточкалар бойынша комиссиялық алымдар, сатып алу кезіндегі шегерімдер, лотереялар);

3) сервистік (артықшылықтар, клубқа мүше болу).

Мұндай жағдайларда карточка құнының бір бөлігін жабу немесе осы құнды төлеуді бөлу дұрыс болады.

6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесі операторының қажетті инфрақұрылымын және қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, екінші деңгейдегі банктер, басқа ұйымдар инвестициялайтын қаражат қаржыландыру көздері болып табылады. Мемлекеттік бюджеттен осы мақсаттарға арналған инвестициялар талап етілмейді. Шетелдік ұйымдардың инвестициялары тартылған жағдайда Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің операторы акцияларының бақылау пакеті қазақстандық тарапқа тиесілі болуы тиіс.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Осы Бағдарламада көзделген барлық іс-шараларды іске асыру мыналарды қамтамасыз етуге:

Мемлекеттік органдарға:

1) ақша айналымын бақылауды күшейтуді, қолма-қол ақшаның қалтарысты айналымын азайтуды және жанама салықтар бойынша алымдардың толық болуын қамтамасыз ету;

2) едәуір кредит ресурстарын экономиканың нақты секторына инвестициялау үшін банктік жүйеге жинақтау;

3) бюджет ақшасының түсуін және пайдаланылуын тиімді бақылауды және тиісінше мемлекеттік органдардың және құрылымдардың өкілдері тарапынан теріс мақсатта пайдалану мүмкіндігін болдырмауды ұйымдастыру;

4) республикалық және жергілікті бюджеттердегі түсімдерді болжаудың тиімді мүмкіндіктерін жасау;

5) айналыстағы қолма-қол ақша массасын (эмиссиясын) теңбе-тең ұстап тұруға байланысты шығыстарды қысқарту;

6) экономикадағы бақылаусыз ақша ағынына байланысты қылмыстың себептерін жою;

7) халықты әлеуметтік қолдау, әлеуметтік жәрдемақылар, балаларға төленетін ай сайынғы жәрдемақылар, зейнетақылар төлеуге кепілдікті қамтамасыз ету, халыққа қосымша қызметтер көрсету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырған кезде қолма-қол жасалмайтын есеп айырысуды ендіру мүмкіндігін береді.

Екінші деңгейдегі банктерге:

1) бірыңғай "төлем" кеңістігінде жұмыс істеу және басқа банктер эмиссиялаған төлем карточкалары бойынша халыққа, сауда-сервистік кәсіпорындарға қызмет көрсету;

2) клиенттер базасын кеңейту, есепке алу сапасын жақсарту;

3) халықтың қосымша ақша қаражатын тарту;

4) эквайринг қызметін көрсетуден түскен кірістерді көбейту;

5) эмиссиялық-кассалық жұмысқа (ақшаны инкассациялау, өңдеу, сақтау) байланысты шығындарды қысқарту;

6) жүйеде есеп айырысуды ұйымдастырудың арнайы технологиясымен үйлестірілген микропроцессорлық карточкалар пайдаланылатын болғандықтан қаржы залалдары мен тәуекелдерін, жүйені бұзуды және карточканы қолдан жасауды іс жүзінде толық болдырмау және ақпаратты қорғау;

7) тауарларға ақы төлеу және қолма-қол ақша алу жөніндегі жаппай операцияларды орындау кезінде off-line режимін пайдалануға байланысты қатысушы банктің орталық компьютерлік жүйесіне түсетін күшті азайту. Терминалдық карточкалармен және банкомат карточкаларымен жасалған электрондық инкассация операцияларының қарапайымдылығы, жылдамдығы, сенімділігі, байланыс желілерін жүргізуде немесе жалдауда үнемдеу;

8) микропроцессорлық карточканың, сол сияқты басқа карточкалық төлем жүйелерінің магнитті жолағы бар карточкасының да терминалдық жабдығында қызмет көрсету мүмкіндігін береді.

Сауда және қызмет көрсету ұйымдарына:

1) төлем карточкалары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын клиенттердің қосымша санын тарту;

2) есепке алудың сапасын жақсарту;

3) қолма-қол ақшаның инкассациясына, сақтауға және өңдеуге кететін шығыстарды төмендету;

4) клиенттерге жедел қызмет көрсету, авторизация жүргізуге кететін уақыт шығынының болмауы, қағаз құжаттарды қолмен жасау және өңдеу қажеттілігінің болмауы, жабдықтармен жұмыс істеу үшін мамандардың арнайы білімі және дайындығы талап етілмейтін операциялардың қарапайымдылығы;

5) барлық жасалған төлем операцияларына сауда ұйымы әкімшілігінің тарапынан қарапайым ыңғайлы бақылау;

6) ірі және ұсақ сауда нүктелерінде төлем жасауға карточкалар қабылдау мүмкіндігі;

7) сол сауда терминалында қызмет көрсетуге микропроцессорлық карточкаларды, сол сияқты әдеттегі магнитті карточкаларды да қабылдау мүмкіндігін береді.

Микропроцессорлық карточкаларды ұстаушы клиенттерге:

1) жоғалту, ұрлау, есеп айырысуда қателер жіберу тәуекелдерін болдырмау, алаяқтықтан қорғауға техникалық кепілдік беру;

2) салым бойынша пайыздар түрінде қосымша кіріс алу мүмкіндігі, мұндайда карточкадағы ақша карточкалық есепшоттың жалпы теңгеріміне кіреді;

3) жедел сатып алу, ірі және ұсақ сатып алу жасау үшін карточкаларды пайдалану мүмкіндігін;

4) микропроцессорлық карточка жоғалған кезде қаражаттың жұмсалмаған бөлігі

банкте қалады және клиентке қайтарыла алады;

5) карточканың көмегімен ақша аударымдарын және есепшоттарды төлеуді жүзеге асыру мүмкіндігін;

6) клиенттің микропроцессорлық карточкасындағы транзакциялардың тізімі бойынша қаржы операцияларын жеңіл, ыңғайлы бақылауды, кез келген сауда нүктесінде, банкоматта немесе банктің офисінде on-line режимінде соңғы операциялар бойынша анықтамалар немесе карточканың көкейкесті теңгерімі бойынша жиі қажет болатын анықтаманы алу мүмкіндігін;

7) өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы арқылы микропроцессорлық карточкаға қаражат салу мүмкіндігін береді.

Барлық ұйымдарға:

1) қызметкерлерге кассалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарды төмендету;

2) есепке алу сапасын жақсарту мүмкіндігін береді.

8. Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлім жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 817 қаулысымен .

Ескерту. 7-жол алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 913 қаулысымен .

р/с N	Іс-шара	Орындауға жауаптылар	Аяқталу нысаны	Орын. далу мерзімі	Болжамды шығыстар	Қаржы. ландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1	Микропроцессорлық карточкалар негізінде Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінің жұмыс істеу әзірлеу бойынша)	Ұлттық Банк (келісім бойынша), "Процессинг орталығы" ережесін	Ұлттық Банк Басқар. масының қаулысы	2002 жылғы 4-тоқсан	Шығыстар жоспар. ланбайды	Қаржы. лан. дыру талап етіл. мейді Ж А Қ (келісім

- 2 Микропроцессорлық Ұлттық Дайын. 2002 Шығыстар Қаржы.
карточкалар негі. Банк далған жылғы жоспар. лан.
зінде Төлем (келісім конкурс 4- ланбайды дыру
карточкаларының бойынша), талап. тоқсан талап
ұлттық банкаралық ККМ, ҚарМ, тары етіл.
жүйесінің жұмыс "Процессинг және мейді
істеу үшін жабдық. орталығы" құрылған
тарды және бағдар. ЖАҚ конкурс
ламалық қамтамасыз (келісім комиссия.
етуді жеткізуші. бойынша), сы, жет.
лерді таңдау екінші кізушіні
бойынша тендер деңгейдегі (лерді)
өткізуге конкурс банктер таңдау
талаптарын дайын. (келісім
дау, тендер бойынша)
к о м и с с и я с ы н к ұ р у
ж ә н е к о н к у р с т ы
өткізу
- 3 Микропроцессорлық Ұлттық Үкімет. 2002- Шығыстар Қаржы.
карточкалар негі. Банк ке 2004 жоспар. лан.
зінде Төлем (келісім ақпарат жылдар ланбайды дыру
карточкаларының бойынша), талап
ұлттық банкаралық "Процессинг етіл.
жүйесінің қаты. орталығы" мейді
с у ш ы л а р ы а р а с ы н д а Ж А Қ
с е м и н а р л а р ө т к і з у (к е л і с і м
бойынша)
- 4 Төлем карточкала. Ұлттық БАҚ-та 2002- Шығыстар Қаржы.
рын сауда және Банк жария. 2004 жоспар. лан.
қызмет көрсету (келісім ланым. жылдар ланбайды дыру
саласында танымал бойынша), дар мен талап
ету және пайдалану "Процессинг сөз етіл.
мақсатында бұқара. орталығы" сөйлеу. мейді
лық ақпарат құрал. ЖАҚ лер
дарында халық (келісім
арасында насихат. бойынша),
тау және түсінді. екінші
ру жұмысын деңгейдегі
жүргізу банктер

бойынша)

5 "Мемлекеттік Ұлттық Үкімет 2002 Шығыстар Қаржы.
 бюджеттің қаража. Банк қаулы. жылғы жоспар. лан.
 ты есебінен жала. (келісім сының 4- ланбайды дыру
 қы, стипендия, бойынша) жобасы тоқсан талап
 зейнетақы, жәр. етіл.
 демақы және басқа мейді

да ақшалай төлем.

дерді төлеудің

тәртібін жетілді.

ру жөніндегі ша.

ралар туралы "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

2 8

қ ы р к ү й е к т е г і

N

1 4 6 4

қаулысына

м е м л е к е т т і к м е к е .

м е л е р , м е м л е к е т .

т і к к ә с і п о р ы н д а р

ж ә н е м е м л е к е т т і ң

қ а т ы с у ы б а р ұ й ы м .

д а р қ ы з м е т к е р л е .

р і н і ң ж а л а қ ы с ы н

е к і н ш і д е ң г е й д е г і

б а н т е р д е а ш ы л ғ а н

к а р т - ш о т т а р ғ а

а у д а р у б ө л і г і н д е

ө з г е р і с т е р е н г і з у

т у р а л ы Ү к і м е т

қ а у л ы с ы н ы ң ж о б а .

сын әзірлеу

6 Екінші деңгейдегі Ұлттық Ұсыным. 2003 Шығыстар Қаржы.
 банктерге және Банк дар жылғы жоспар. лан.
 "Казпочта" ААҚ-ға (келісім 4- ланбайды дыру
 бюджетке төлемдер бойынша) тоқсан талап
 бойынша, сондай- етіл.

ақ төлем карточ.

мейді

каларын пайдалана
отырып коммунал.
дық қызметтер
көрсетуге, байла.
ныс қызметтеріне
ақы төлеу бойынша
операциялар жүр.
гізу үшін өз
бөлімшелерінде
халыққа қызмет
көрсететін жаб.
дықтар орнатуды
қамтамасыз етуді

ұсыну

7 <*>

8	Міндетті медици. налық сақтанды. руды енгізу жө. ніндегі іс-шара. лар іске асырыл. ған жағдайда	ДСМ, ЭБЖМ, "Процессинг орталығы" ЖАҚ (келісім бойынша)	Ұлттық Банкке ұсыныс. тар	2004 жылғы 3- тоқсан	Шығыстар жоспар. ланбайды	Қаржы. лан. дыру талап етіл. мейді
---	--	---	------------------------------------	-------------------------------	---------------------------------	---

Микропроцессорлық
карточкалар негі.
зінде Төлем
карточкаларының
ұлттық банк
аралық жүйесі
шеңберінде төлем
карточкаларының
технологияларын
пайдалану және
қызмет көрсету
мүмкіндігін

қарастыру

9	Сауда және сервис ұйымдарын сауда терминалдарымен қамтамасыз ету	Екінші деңгейдегі банктер (келісім	Ұлттық Банкке есептер, Үкіметке	2004 жылғы 4- тоқсан	Шығыстар жоспар. ланбайды	Қаржы. лан. дыру талап
---	---	---	--	-------------------------------	---------------------------------	---------------------------------

жөніндегі ұйым. бойынша), ақпарат етіл.
дастыру іс-шара. "Процессинг мейді
ларын жүргізу орталығы"

Ж А Қ
(к е л і с і м
б о й ы н ш а) ,
о б л ы с т а р .
д ы ң , қ а л а .
л а р д ы ң
ж ә н е а у .
д а н д а р д ы ң

әкімдері

10 Қазақстан ҚарМ, АБА, Норма. 2005 Шығыстар Қаржы.
Республикасының ӘдМ, ІІМ, тивтік жылғы жоспар. лан.
Ұлттық тізілім. "Процессинг құқық. 1- ланбайды дыру
дерін жасау мақ. орталығы" тық ке. тоқсан талап
сатында Жеке (заң. ЖАҚ сімнің етіл.
ды) тұлғаның (келісім жобасы мейді

бірыңғай нөміріне бойынша)
(И Н (Б И Н) к ө ш у

бағдарламасын
іске асырған
кезде оларға

Микропроцессорлық
карточкалар негі.
зінде Төлем кар.
точкаларының ұлт.
тық банкаралық
жүйесі шеңберінде
қызымет көрсету
үшін төлем карточ.
каларының техноло.
гияларын пайдалану